

**"Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 1609 "**

**Жолаушылардың және багаждың қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдарының маршрут желісі туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 13964 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 желтоқсанда № 4290 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 3380 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 30.09.2020 № 3380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Өскемен қаласы әкімдігінің "Жолаушылардың және багаждың қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдарының маршрут желісі туралы" 2012 жылғы 28 маусымдағы № 1609 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2712 тіркелген, 2012 жылдың 15 қарашасында " Өскемен", "Усть-Каменогорск" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін :

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 тіркелген) бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының 23-тармағына сәйкес Өскемен қаласының

әкімдігі

**ҚАУЛЫ**

**ЕТЕДІ:"**

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласының әкімі*

*Т. Қасымжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК